



4 870220 133002 9

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Қазақстанның егеменді ел екенін әйгілейтін ұлық мейрам – сан ғасырлық тарихы бар мемлекеттілігіміздің қайта жаңғыруының символы. Ұлттық мереке халқымызды мызғымас құндылықтар төңірегіне тоғыстырып, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайта түсуге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Біздің оқырман

ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЖОҒАЛТПАҒАН БАСЫЛЫМ



Ербол ЖҰМАБЕКОВ,
облыстық көпсалалы аурухананың
дәрігер-хирургі, онколог

Облыстық «Ақтөбе» газетінің тұрақты оқырманымын. Басылымның әр санында оқырманына ой салатын сүбелі дүниелер жарияланып келеді. Газет беттерінен қалың бұқараның мұқтажын қоғам назарынан тыс қалдырмай, мәселенің оң шешілуіне ықпалын тигізетін өзекті мақалаларды үзбей оқимын. Қолым қалт етсе, газеттің «Денсаулық» айдарына мақалаларымды жіберіп отырамын. Өкінішке қарай, бүгінде жастар арасында қатерлі дерт дендеп барады. Күнделікті күйбең тіршілікпен жүрген адамдар денсаулығына салғырт қарайды. Басылым беттерінде жарияланған мақалалар арқылы аурудың алдын алу жолдары туралы дәрігерлік кеңесімді бөлісіп, оларға титтей де болсын көмегімнің тигеніне қуаныштымын. Оқырманын тапқан өміршең газеттің алдағы уақытта да ой салатын мазмұнды айдарлары ашылып, оқырман саны көбейе берсін.

Өзім жиырма жылдан бері «Ақтөбе» газетін үзбей оқимын. Мұндағы редакциялық ұжымның жұмысымен етене танысып. Әр күні қарбаласпен өтетін басылымның журналистеріне шығармашылық табыс тілеймін.

Қазір қоғамда жастар кітап, газет оқуға құлықсыз деген пікір қалыптасқан. Мен бұл пікірді теріске шығарар едім. Газет оқу — зиялылық пен мәдениеттіліктің белгісі. Жасанды интеллект қарқынды дамып жатқанымен, сауатты жазып, өз ойыңды ашық жеткізу үшін үнемі миыңды жаттықтырып, кітап немесе газет оқуың керек. Сондықтан отбасылық оқуды ертеңге қалдырмай, газетке жазылуды үрдіске айналдырсақ деген тілегім бар.

«Ақтөбе» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты		Бағалар	
			қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай	17 311,98 тг	17 311,98 тг
		6 ай	8 655,99 тг	8 655,99 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	12 ай	25 086,96 тг	20 383,98 тг
		6 ай	12 543,48 тг	10 191,99 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	12 ай	15 487,98 тг	15 487,98 тг
		6 ай	7 743,99 тг	7 743,99 тг



Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпаратты ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция),
8 (7132) 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!